

## **БІЗДІҢ INSTAGRAM -ТЕГІ ПАРАҚШАМЫЗҒА ҚОШ КЕЛДІҢІЗ!**

### **ПАЙДАЛАНУ ЕРЕЖЕЛЕРІ**

Біздің Instagram-тегі парақшамыз компаниямыз туралы, сондай-ақ, «Филип Моррис Қазақстан» ЖШС жұмыс істеу мен мансапты дамыту үшін ұсынатын мүмкіндіктер туралы айту үшін жасалған болатын. Бұл парақша өз өнімдерімізді, сауда маркаларымызды немесе бағалы қағаздарды жарнамалау немесе оларды маркетингтік тұрғыдан ілгері жылжытуға арналмаған. Instagram -тегі парақшамызды пайдаланып, сіз Пайдалану ережелерімізді орындауға келісесіз. Instagram -тегі парақшамызды пайдаланбас бұрын, бұл ережелермен танысып шығуыңызды сұраймыз. Бұл Ережелер Instagram -тегі парақшамызда мазмұнды, конструктивті және ашық талқылауды қолдау үшін құрастырылған болатын. Instagram -тегі парақшамыз 18 жасқа толмаған тұлғаларға арналмаған. Парақшадағы кез келген әрекеттер 18 жасқа толған және одан да ересек тұлғалар тарапынан жүзеге асырылуы тиіс.

### **АҚПАРАТ ПЕН МАТЕРИАЛДАРДЫ ОРНАЛАСТЫРУ**

Сіздің тарапыңыздан Instagram -тегі парақшамызда орналастырылған бүкіл ақпарат пен материалдар үшін толық жауап бересіз. Біз пайдаланушыларды бір-бірін құрметтеуге және парақшамыздың тақырыбы аясында хабарлама жариялауға шақырамыз. Бұған сәйкес, осы парақшаны пайдаланып, келесідей әрекеттерді орындауға болмайды:

- ерсі, біреуге тіл тигізетін немесе дөрекі контентті, сондай-ақ, жаланы, жыныстық немесе нәсілдік төзімсіздікті қамтитын хабарламалар орналастыру;
- сипаты жағынан немесе визуалды мазмұны бойынша дөрекі болып табылатын контентті, сондай-ақ, порнографиялық сипаттағы контентті орналастыру;
- жалған, күмәнді немесе өсекке негізделген мәліметтерді қамтитын контентті, сондай-ақ, жаңылыстыратын контентті орналастыру;
- флудты (бір типтік хабарламалар көп саны) немесе спамды жариялау;
- басқа пайдаланушыларды қорқыту немесе оларға қауіп төндіру;
- жергілікті және / немесе халықаралық заңнаманы бұзу;
- үшінші тұлғалардың жеке деректерін ашу;
- басқа тұлғалардың зияткерлік меншікке берілетін құқықтарын (соның ішінде, авторлық құқықтарды, деректер базаларына берілетін құқықтарды, коммерциялық құпияны, құпия ақпаратты немесе сауда белгілеріне берілетін құқықтарды) бұзу;
- өзін басқа адам атынан көрсету;
- «Филип Моррис Интернэшнл Инк.» компаниясының кез келген бағалы қағаздарын сатуға немесе сатып алуға ұсыныс жасау;
- біздің өнімдерімізді және сауда маркаларымызды жарнамалау, ілгері жылжыту немесе ұсыну; не болмаса
- үшінші тұлғалардың қызметтерін, тауарларын немесе сауда маркаларын жарнамалау, ілгері жылжыту немесе ұсыну.

Пайдаланушылардың Instagram -тегі парақшамызда айтылған пікірлері компаниямыздың пікірін немесе құндылықтарын көрсетпейді.

## **МОДЕРАЦИЯ**

Барлық орналастырылған ақпараттың парақша тақырыбына сәйкес келетініне және Пайдалану ережелеріміздің талаптарын қанағаттандыратынына көз жеткізу мақсатында, Instagram -тегі парақшамызда орындалатын белсенді әрекеттерге мониторинг жүргіземіз. Instagram -тегі парақшамыздың модераторларымен Астана уақытымен таңғы сағат 09:00ден кешкі 18:00-ге дейін байланысуға болады. Парақшаларымызда жарияланған әрбір сұраққа немесе жазылған хабарламаға жауап беруге міндетті емеспіз. Көрсетілген контент осы Ережелердің талаптарына немесе Instagram -тегі «Құқықтар мен міндеттер туралы ережелерге» сәйкес келмейді деп есептесек, біз бұл парақшадағы кез келген контенттің жариялануын болдырмауға немесе оны өшіруге құқылымыз. Пайдаланушы осы Ережелердің талаптарын немесе Instagram -тегі «Құқықтар мен міндеттер туралы ережелерді» сақтамаса, біз оны осы парақшада бұғаттай аламыз